«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

02-8/742 №
03.04.2018 ж.

**«Строй Альянс Сервис» ЖШС**
*Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Арай ш/а,*
*Құмангазы көшесі 51, тел 8(7292)609148.*
*stroyas2015@mail.ru*

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 07.03.2018 жылғы №6532 санды арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Қызылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жаряилаған №2236104-1 санды «Қызылтөбе ауылдық округі елді мекендерінің санитариясын қамтамасыз ету» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің, арызыңызда көрсетілген мән-жайлар келесідей себептермен өз дәлелін тапқан жоқ деп санайды. Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабының 3-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасы *(бұдан әрі – Қағида)* 150-тармағының 1-тармақшасында, әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейтіндігі көзделген.

«Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімі тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің 1 тармағында көрсетілген талаптарды тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігін көшіріп салған және әлеуетті өнім берушінің жасайтын жұмысының өндірістік кестесі мен көрсетілетін

қызметтің орындалу әдістері мен шарттарында елді мекен атауы дұрыс көрсетілмеген Қызылтөбе ауылдық округінің орнына Батыр ауылдық округі деп көрсетілген деген себептермен жібермегені негізсіз болып табылды.

Камералдық бақылау нәтижесімен, анықталғаны, конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелігінде жүк тиегіш 1 бірлік ковштің көлемі 5 м3 кем емес делінген.

Алайда, «Строй Альянс Сервис» ЖШС-гі біліктілік туралы мәліметінде «Eileen Group» ЖШС-нен жүк тиегіш тракторын жалға алғандығын көрсетіп аталған жүк тиегіш тракторы тапсырыс берушнің техникалық ерекшелігіне сәйкес келмейтіні яғни, ковштің көлемі 3 м3 екендігі анықталды.

Осыған орай, Сіздің арызыңызда көрсетілген мән жайлар бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

**Департамент басшысы** **С.Қасымов**

*Башагулов Е.*
*тел: 8 7292 31-90-92*